

**ҚАЗАҚ ТІЛІН БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ (А2) КӨЛЕМІНДЕ МЕҢГЕРУДІҢ
СИПАТТАМАСЫ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ:**

ТЫҢДАЛЫМ	Тіл үйренуші күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-әлеуметтік жағдаяттардағы (отбасы, жұмыс, көлік және т.б. туралы) анық айтылған ақпараттарды түсіне алады, айтылған өтініштерді орындай алады. Хабарландыру мен ақпараттардағы негізгі ойды түсіне алады.
	Теле-радиохабарлардағы хабарландыру, жарнама, ауа райы туралы ауызша айтылған мәтіндер мазмұнын түсіне алады.
ОҚЫЛЫМ	Тіл үйренуші таныс, нақты, қысқа мәтіндерді түсінеді (жеке немесе іскерлік хаттар, факстер, күнделікті, хабарландырулар, жарнама).
	Тіл үйренуші қарапайым күнделікті қажетті ақпараттарды мәтін ішінен таба алады. Күнделікті тілдік қолданыстағы және мамандыққа қатысты мәтіндерді оқи алады.
	Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым
	Тіл үйренуші базалық деңгейге арналған лексикалық тілдік бірліктер қамтылған қысқа мәтіндерді оқи отырып, таныс есімдерді, сөздерді және қарапайым фразаларды, мәтіннің жалпы мазмұнын оқып түсіне алады. Таныс тақырыпқа арналған нақты ақпаратты қамтыған, күнделікті немесе кәсіби бағдарлы мазмұндағы қысқа мәтіндерді түсіне алады.
	Ақпарат және дәлел, негіздеме алу мақсатындағы оқылым
	Тіл үйренуші ақпараттары бар және дәлел, негіздемелері көрсетілген жазба түрдегі хат, құжат және шағын газет мақалаларындағы ақпаратты, дәлелдерді түсіне алады.
ЖАЗЫЛЫМ	Хат-хабарды оқу
	Тіл үйренуші таныс тақырыптағы стандартты ресми- іскери тілмен жазылған қарапайым мазмұндағы хаттарды және факстерді (тапсырыс, қолхат, сенімхат, кепілхат) және бейресми сипаттағы жеке мақсатта жазылған хаттарды түсіне алады.
ЖАЗЫЛЫМ	Тіл үйренуші күнделікті өмірге (тұрмыс, жұмыс, қызмет, басқа адамдармен қарым-қатынасқа) қатысты логикалық ой аяқталған қысқа мәтінді құрастырып, жаза алады. Өз пікірін білдіріп, оқиғалар туралы ақпаратты рет-ретімен жазбаша бере алады.
АЙТЫЛЫМ	Тіл үйренуші таныс тақырыптар бойынша сұрау, қайталап сұрау, жауап беру, реплика айту (келісу, келіспеу), қорыту арқылы сұхбатқа қатысады. Оқылған және тыңдалған

	<p>ақпараттың негізгі мазмұнын монолог түрінде баяндай алады. Күнделікті-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салаларға қатысты жағдаяттарда (көшеде, дүкенде, қоғамдық көліктер мен қоғамдық орындарда, қызмет көрсету орындарында) ақпаратпен алмаса алады, ұсыныс береді, нұсқау жасайды, өтініш айтады, тапсырыс береді.</p>
--	--